

Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 шілдедегі № 932 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 475 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.06.2015 № 475 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

«Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 4-бабының 10) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының **Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидалары **бекітілсін.**

2. Осы қаулы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

<i>Премьер-Министрі</i> Қазақстан Үкіметінің 2012 №	<i>К. Мәсімов</i> Республикасы 12 жылғы 932 қаулысымен бекітілген	<i>Республикасының</i> <i>шілдедегі</i>
---	---	--

**Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

Осы Қағидалар «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және электр энергиясының бөлшек сауда нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеуі, сондай-ақ осы нарықта қызмет көрсету тәртібін айқындайды.

1. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар пайдаланылады:
  - 1) электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған

жүйесі – электр энергиясын есепке алу деректерін өлшеу, жинау, өндіу, сақтау және беру үшін өлшеу құралдарының және аппараттық-бағдарламалық кешенінің жиһитығы;

2) электр энергиясын кепілдікпен жеткізуши – энергиямен жабдықтаушы басқа үйымдардың барлығы тұтынушыларды энергиямен жабдықтауды тұтынушының кінәсінсіз тоқтатқан жағдайларда тұтынушыларды энергиямен жабдықтауды жүзеге асыратын энергиямен жабдықтаушы үйим;

3) өндіру кестесі – энергия өндіруші үйымның электр энергиясын өндіруінің тәуліктік тенгерімі;

4) электрмен жабдықтау шарты – электрмен жабдықтаушы үйим тұтынушыға жалғастырылған желі арқылы энергия беруге міндеттенетін, ал тұтынушы алған электр энергиясына ақы төлеуге, сондай-ақ оны тұтынудың шартта көзделген режимін сақтауға, өзінің қарамағындағы электр желілерін пайдалану қауіпсіздігін және электр энергиясын тұтынуымен байланысты олар пайдаланатын аспаптар мен жабдықтардың жарамдылығын қамтамасыз етуге міндеттегін келісім;

5) есеп айырысу кезеңі – шартта айқындалатын, көрсетілген қызметтер және/немесе электр энергиясын жеткізгені үшін есеп айырысу жүргізілетін уақыт бөлігі;

6) электр энергиясының бөлшек сауда нарығы - электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілері арасындағы (электр энергиясын сатып алу-сату, беру және тұтыну, сондай-ақ осыған байланысты көрсетіледін қызметтер үсыну) шарттардың негізінде көтерме сауда нарығынан тыс жұмыс істейтін қатынастар жүйесі;

7) тұтынушылар – шарттар негізінде бөлшек сауда нарығында электр энергиясын тұтынатын жеке немесе занды тұлғалар;

8) электр энергиясының бөлшек сауда нарығының субъектілері - энергия өндіруші, энергиямен жабдықтаушы, энергия беруші үйимдар, электр энергиясын тұтынушылар;

9) техникалық шарттар – электр желілеріне қосу үшін қажетті техникалық талаптар;

10) өнірлік деңгейдегі электр желілері - өнірлік деңгейдегі электр желілерін пайдаланатын энергия беруші үйимның, не басқа желінің менишік иесі – бөлшек сауда нарығы субъектілерінің тенгерімде тұрған электр энергиясын беруге және (немесе) таратуға арналған қосалқы станциялардың, тарату құрылғыларының және оларды жалғастыратын электр беру желілерінің жиынтығы;

11) нақты тенгерім - бөлшек сауда нарығындағы субъектілердің есеп айырысу кезеңінде жеткізген және тұтынған электр энергиясы көлемінің атаулы бөлінуін

белгілейтін, өнірлік деңгейдегі электр желілерін пайдаланатын энергия беруші үйым жасаған құжат.

## **2. Электр энергиясының бөлшек сауда нарығын үйымдастыру және осы нарықта қызмет көрсете тәртібі**

2. Энергия өндіруші үйымдар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында импортталатын энергияны өндіреді және береді, сондай-ақ жасалған шарттарға сәйкес жеткізді.

3. Энергия өндіруші үйымдар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру процесінде электр энергиясын өндіру кестесін сақтайты.

4. Энергия беруші үйымдар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында электр энергиясын электр желілер арқылы шарттық талаптарда беру бойынша қызметтеді.

5. Энергия беруші үйымдар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру процесінде:

1) электр энергиясын электр желілеріне қызмет көрсете арқылы айдау және беру көлемінің жүзеге асыру етептесін жүргізеді;

2) коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуды жүзеге асырады, қызмет көрсетілетін желілерге қосылған барлық бөлшек тұтынушылардың тұтыну көлемін айқындайды және осы ақпаратты өнірлік электр желілерін пайдаланатын энергиямен жабдықтаушы үйымдар мен энергия беруші үйымдарға береді;

3) өздерінің желілері бойынша берілетін электр энергиясының сапасын қамтамасыз етеді және бақылайды;

4) жасалған шарттарға және нормативтік техникалық талаптарға сәйкес электр энергиясын беру сенімділігін қамтамасыз етеді;

5) қызмет көрсете желілеріне және шаруашылық мұқтаждықтарына беру кезіндегі электр энергиясының технологиялық шығындарын жабу үшін электр энергиясын сатып алуды жүргізеді;

6) өз желілеріне электр желілерін және тұтынушылар қондырғыларын қосуға арналған техникалық шарттарды беруді жүзеге асырады;

7) электр энергиясын беруді тоқтату (шектеу) жөніндегі іс-шараларды жүзеге асырады.

6. Өнірлік деңгейдегі электр желілерін пайдаланатын энергия беруші үйымдар осы Қағидалардың 5-тармағында аталғандарға қосымша:

1) электр энергиясын сатып алу-сату үшін жасалған шарттар мен оны беру шарттары туралы дерекқор қалыптастырады;

2) бөлшек сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын жеткізу мен тұтынуның нақты теңгерімін жасайды;

3) тұтынушылар мәлімдеген электр энергиясы көлемін берудің техникалық мүмкіндіктерін және олардың коммерциялық есепке алу жүйелерінің белгіленген талаптарына сәйкестігін қарайды;

4) өнірдің электр желілерінің перспективалық даму жоспарын әзірлейді және олардың негізінде өнірлік деңгейдегі электр желілерін жоспарлы дамытуды жүзеге асырады;

5) энергиямен жабдықтаушы ұйымның бөлшек сауда нарығынан кету немесе өнірдегі тұтынушыларды немесе тұтынушылар тобын электрмен жабдықтауды тоқтату фактілерін анықтайды және ол туралы электр энергиясын кепілдікпен жеткізу шартын хабарлайды.

## 7. Миналарды:

1) бірыңғай электр энергетикалық жүйедегі авариялық бұзушылықтардың алдын алушы, оқшаулауды және жоюды;

2) бөлшек нарық субъектілерінің жасалған энергиямен жабдықтау шарттарына сәйкес электр энергиясын беру үшін ақы төлеу талаптарын бұзын;

3) энергиямен жабдықтаушы ұйымның өтінімі бойынша тұтынушылармен жасалған энергиямен жабдықтау шарттарына сәйкес тұтынған электр энергиясы үшін ақы төлеу шарттарын бұзын қоспағанда, энергия беруші ұйымның электр энергиясын беруді тоқтатуына (шектеуіне) жол берілмейді.

8. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында энергия беруші ұйымдардан электр энергиясын сатып алады және оны энергиямен жабдықтау шарттарына сәйкес тұтынушыларға сатады.

9. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында өз қызметін жүзеге асыру процесінде:

1) жеткізу-тұтыну режимдерін жүргізу бойынша энергия беруші ұйымдардың жедел өкімдерін орындауды;

2) энергия беруші ұйымдармен электр энергиясын сатып алу-сатуға және электр энергиясын беру жөніндегі қызметтер көрсетуге жасалған шарттар бойынша электр энергиясын жеткізу-тұтынудың тәуліктік кестесін береді;

3) тұтынушыларға электр энергиясын беруге энергия беруші ұйымдармен шарттар жасасады;

4) энергия беруші ұйымдардың электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерінде ақы төлеяди.

10. Энергиямен жабдықтаушы ұйымның қызмет көрсету аймағы олар жасасқан энергиямен жабдықтау шарттарына сәйкес желілеріне тұтынушылар қосылған энергия беруші ұйымдар желілерінің шекарасымен айқындалады.

11. Кепілдік беріп жеткізуаші энергиямен жабдықтаушы ұйымдар ішінен

айқындалады, оның тұтынушылар құрамында қызмет көрсету аймағына сәйкес басқа да энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен салыстырғанда түрмистық тұтынушылардың көп болігі болады.

12. Энергия беруші ұйымның жедел-диспетчерлік басқармасының әрекеті таралатын аумақ және энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен электр энергиясын беруге жасалған шарттарға сәйкес энергия беруші ұйымның электр желілері арқылы электр энергиясын алатын барлық тұтынушылар электр энергиясына кепілдік беріп жеткізушилердің қызмет көрсету аймағы болып табылады.

13. Кепілдік беріп жеткізушилер мен электр энергиясын тұтынушылар арасында энергиямен жабдықтау шарттары азаматтық заңнамаға сәйкес жасалады.

14. Энергиямен жабдықтаушы ұйым өз тұтынушылары мен энергия беруші ұйымдарға және электр энергиясына кепілдік беріп жеткізушиге электрмен жабдықтау шартын бұзу туралы жазбаша (егер шарт жазбаша нысанда жасалса) немесе электрмен жабдықтау қызметтік төлеу шоттарында тиісті ақпаратты орналастыра отырып, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, сондай-ақ монополияға қарсы органға (егер энергиямен жабдықтаушы ұйым басым немесе монополиялық орын алатын, нарық субъектілерінің мемлекеттік нарығына енгізілсе) күнтізбелік екі ай бұрын хабарлайды.

15. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдармен энергиямен жабдықтау шарттарын жасасуға ниет білдірген тұтынушылар шартты бұзу туралы хабарламаны (егер шарт жазбаша нысанда жасалса) алған немесе хабарландыру жарияланған сәттен бастап бір ай ішінде энергиямен жабдықтаушы жаңа ұйымға өтінішпен жүгінеді.

16. Энергиямен жабдықтаушы жаңа ұйым бұрынғы электрмен жабдықтаушы ұйымда энергиямен жабдықтау шартын жасау үшін қажетті, тұтынушы құжаттарының толық пакеті болған жағдайда және оның қолданысы тоқтаған сәтте бұрынғы энергиямен жабдықтаушы ұйыммен энергиямен жабдықтау шартының талаптарын тұтынушылар сақтаған жағдайда энергиямен жабдықтау шартын (немесе бұрынғы энергиямен жабдықтау шарты бойынша құқықтар мен міндеттемелерге көшу туралы келісім) жасайды.

17. Бұрынғы энергиямен жабдықтаушы ұйыммен электрмен жабдықтау шартын бұзу туралы хабарламаны алған немесе хабарландыру жарияланған сәттен бастап бір ай ішінде энергиямен жабдықтау шартын жасасу туралы тұтынушының өтініші болмаған жағдайда, энергиямен жабдықтаушы жаңа ұйым тұтынушыға энергиямен жабдықтау бойынша қызметтерді одан әрі алу ниетін білдірген жағдайда энергиямен жабдықтау шартын жасасу қажеттілігі туралы жазбаша хабарламаны жібереді.

18. Хабарламаны алған сәттен бастап бір ай өткен соң тұтынушыдан

электрмен жабдықтау шартын жасасу туралы өтініш болмаған кезде энергиямен жабдықтаушы жаңа үйым бұрынғы энергиямен жабдықтаушы үйым тұтынушысына электр энергиясын беруді тоқтады.

19. Энергиямен жабдықтаушы жаңа үйим бұрынғы энергиямен жабдықтаушы үйымның өкілдерімен коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін жазып алушы жүргізеді және үш жақты қабылдап алу-тапсыру актісін жасайды, оған энергия жабдықтаушы үйымның беретін және алатын өкілдері мен тұтынушылары қол қояды. Бұл тапсыру-қабылдап алу актісі тараптардың өзара есеп айырысуы үшін негіз болады. Тапсыру-қабылдап алу актісіне сәйкес бұрынғы энергиямен жабдықтаушы үйим түпкілікті есептесу үшін тұтынушыға шот береді.

20. Тапсыру-қабылдап алу актісінің көшірмесі электр энергиясының теңгерімін жасау үшін энергия беруші үйимға беріледі.

21. Тұтынушылар электр энергиясын пайдалану мақсатына сәйкес электр энергиясын тек жарықтандыруға ғана және кәсіпкерлік және өндірістік қызметтермен байланысты емес басқа да мұқтаждыққа пайдаланатын тұрмыстық тұтынушылар және электр энергиясын тауарларды, жұмыстарды жасау және қызметтерді көрсету үшін пайдаланатын коммерциялық тұтынушылар болып белінеді.

22. Электр энергиясын тұтынушылар электр энергиясының бөлшек сауда нарығында :

1) жасасқан шарттардың талаптарына сәйкес электр энергиясын алады және тұтынады ;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен есепке алу жүйесінің сарапанған тарифтері бойынша электр энергиясын тұтыну үшін төлем жүргізді ;

3) тұтынушының меншігіндегі электр қондырғылары мен электр энергиясының коммерциялық есепке алу аспаптарын тиісті техникалық күйде үстаиды ;

4) тұрмыстық тұтынушыларды қоспағанда, электрмен жабдықтау шартында белгіленген электр тұтыну режимін сақтайды;

5) өңірлік электр желілері компаниясының және энергиямен жабдықтаушы үйымның персоналын коммерциялық есепке алу аспаптарына, сондай-ақ Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жұмыскерлерін электр қондырғылары мен есепке алу аспаптарын пайдаланудың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылау үшін жібереді.

### **3. Бөлшек сауда нарығының жұмыс істеу тәртібі**

23. Бөлшек сауда нарығында жасалатын электр энергиясын сату және беру жөніндегі мәмілелерді іске асыру заңнамада белгіленген тәртіппен келісілген алдағы тәуліктерге өтінімдер бойынша электр беруші үйым қалыптастырытын тәуліктік кестеге сәйкес жүргізіледі.

24. Энергиямен жабдықтаушы үйым тұтынушылар берген тәуліктік кестелер бойынша, сондай-ақ осы Қағидалардың 21-тармағының 4) тармақшасындағы шарттарға сәйкес электр тұтыну режимін сақтау жөнінде талаптар қойылмайтын тұтынушыларды есепке ала отырып, алдағы тәуліктерге өтінімдерді қалыптастырады.

25. Тәуліктік кестеде бөлшек сауда нарығына электр энергиясын жеткізетін әрбір энергия өндіруші үйымның электр энергиясын жеткізуінің сағаттық шамалары және әр энергиямен жабдықтаушы үйым мен олар үшін электр энергиясы сатып алған тікелей тұтынушылардың тұтынулары көрсетіледі.

26. Энергия беруші үйым энергия өндіруші үйымдармен келісілген және тіркеуден өткен энергия беруші үйымның барлық шарттары негізінде құрастырылған энергиямен жабдықтаушы үйым мен тұтынушылардың тәулік сайынғы өтінімі негізінде бөлшек сауда нарығы жұмысының тәуліктік кестесін қалыптастырады.

27. Келісілген және бекітілген тәуліктік кестені энергия беруші үйым энергиямен жабдықтаушы үйымдарға және энергия өндіруші үйиммен тікелей шарт жасаған бөлшек тұтынушыларға орындау үшін беріледі.

28. Энергиямен жабдықтаушы үйым және тұтынушылар мәлімдеген электр энергиясының тәуліктік кестеде бекітілген көлемінен асып кетуі энергия беруші үйиммен жасалған шарттарға сәйкес реттеледі.

29. Коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері негізінде есеп айырысу кезеңінің нәтижелері бойынша энергия беруші үйым электр энергиясының бөлшек сауда нарығында өзара есеп айырысу үшін негіз болып табылатын нақты теңгерімді жасайды. Бөлшек сауда нарығында электр энергиясын жеткізу-тұтынудың нақты теңгерімінде бөлшек сауда нарығының әрбір субъектісі бойынша мыналар көрсетіледі:

1) энергиямен жабдықтаушы үйымдармен шарты бар тұтынушылардан басқа, бөлшек сауда нарығының әрбір субъектісінің электр энергиясын сатып алу-сату шарттары бойынша бөлшек сауда нарығындағы электр энергиясын жеткізу-тұтыну көлемдерін түзетуді ескере отырып, мәлімделген тәуліктік кесте;

2) коммерциялық есепке алу аспаптарында тіркелген бөлшек сауда нарығына жеткізілген және тұтынылған электр энергиясының нақты саны.

30. Электр энергиясының импортына арналған мәмілелер бойынша бөлшек сауда нарығында туындаған қатынастар тиісті шарттарда, Қазақстан Республикасының заңнамасында және мемлекетаралық келісімдерде көзделген

т ә р т і п п е н

р е т т е л е д і .

31. Электр энергиясының импорты, егер қатысушысы Қазақстан Республикасы болып табылатын ратификацияланған халықаралық шартпен өзгеше белгіленбесе, кеден заңнамасының талаптары орындалған жағдайда жүзеге асырылады.

32. Энергия беруші ұйымдардың не өзге де желі иелерінің электр желілері бойынша электр энергиясын берудегі оның нақты шығыны бөлшек сауда нарығы субъектілеріне электр энергиясын жеткізу нұктелерінде орнатылған, коммерциялық есепке алу аспаптарының деректері бойынша өндіруші көздерден және басқа да электр желілік компаниялардан электр желісіне кірген электр энергиясының жиынтық мөлшері арасындағы энергия беруші ұйымдардың шаруашылық қажеттеріне пайдаланылған және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың тұтынушылары мен бөлшек сауда тұтынушылары алған электр энергиясы көлемдерін алып тастағандағы айырма ретінде анықталады.

33. Энергия беруші электр желілеріндегі электр энергиясының нормативтік шамаларын анықтау «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

34. Энергия беруші ұйымдардың желілеріндегі осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес есептеген электр энергиясының нақты шығынының шамалары олардың желілерінде оны беру жөніндегі электр энергиясының нормативтік шығынының шамаларынан асып кеткен жағдайда электр энергиясының осы көлемдері энергия беруші ұйымдардың шығындарына жатады.

35. Өңірлік деңгейдегі электр желілерін пайдаланатын энергия беруші ұйымдардың шығындары оның желілері мен басқа да энергия беруші ұйымдардың желілеріндегі электр энергиясын энергиямен жабдықтаушы ұйымдарға және бөлшек сауда тұтынушыларға беру үшін пайдаланылатын электр энергиясының нормативтік шығындарын өтеуге байланысты энергия беруші ұйымдардың тарифінде есепке алынады және оларды энергиямен жабдықтаушы ұйымдар мен бөлшек сауда тұтынушылары заңнамада белгіленген

т ә р т і п п е н т ө л е й д і .

36. Бөлшек сауда нарығы субъектілері арасындағы қаржылық өзара есеп айырысулар электрмен жабдықтау, сатып алу-сату, қызметтер көрсету шарттарында белгіленген тәртіппен, мерзімдер мен шарттарда жүргізіледі.

37. Электр энергиясын беру және тарату жөніндегі нақты көрсетілген қызметтер үшін қаржылық өзара есеп айырысулар табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар саласында басшылықты жүзеге асыратын реттеуші орган бекіткен тарифтер мен есеп айырысулың бір айы ішінде электр энергиясының

нақты тенгеріміне енгізілген, тұтынылған электр энергиясының нақты тенгеріміне енгізілген электр энергиясының мөлшері бойынша жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК